«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КОКШЕТАУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жыл 25.02 № 62

Көкшетау қаласы — город Кокшетау

**Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражат жинауға тыйым салу туралы**

Республикасы Конституциясының 30 бабының 1 тармағы, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңының 3 бабының 1 тармағы 9 тармақшасы және 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Барлық білім беру ұйымдарының басшылары:

1) Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) заңсыз ақшалай қаражаттар жинауды, соның ішінде балабақшаларға қабылдау үшін, мектептен мектепке көшіру үшін, білім беру ұйымдарында оқуға және демеушілік және қайырымдылық көмек есебіне қаражаттарды мәжбүрлі жинауды болдырмасын;

2) Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражаттар жинауға сынып жетекшілер мен тәрбиешілерді тартуға үзілді-кесілді тыйым салынсын, сондай-ақ түрлі қажеттіліктерге (кеңсе тауарларына, ойыншықтарға, сыйлықтарға, жөндеу жұмыстары және т.б.) білім беру ұйымдарының әкімшілігінен, мұғалімдері мен оқушыларынан ақшалай қаражаттар жинауды болдырмасын;

3) Осы бұйрық қолдарын қойғызып алумен, барлық ұжымға мәлімделсін және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары таныстырылсын.

2. Ұйымдастыру-кадр жұмыстары секторы:

1) Осы бұйрық білім беру ұйымдары басшыларының қолын қойғызып алумен айтып білдірілсін;

2) Осы бұйрықтың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін;

001192

3) Білім беру ұйымының сайтына, сенім телефонына түскен және басқа да өтініштер уақытылы қарастырылсын, солар бойынша нақты шаралар қолданылсын;
4) Осы бұйрықтың талаптарын орындамағаны үшін, білім беру ұйымының басшысының лауазымынан босатуға дейін, тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізілсін;
5) Мемлекеттік білім беру ұйымдарында заңсыз ақшалай қаражаттар жинау сұрақтары бойынша үнемі әрекет ететін «жедел желінің» жұмысы ұйымдастырылсын.
6) Ақшалай қаражаттарды заңсыз жинау сұрақтары бойынша азаматтардан түсіп жатқан өтініштер мен сенім телефонына соғылған қоңыраулардың ай сайынғы мониторингі жүзеге асырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшы** **А.Нугертаева**

Орынд:А.Жаркенова

Тел:50-18-69